

ШАРТ

<сәйкестендіру нөмірі>

қызметтерді сатып алу туралы

<қызметтердің атауы>

<тапсырыс беруші аймағы>

<шарт күні>

<тапсырыс берушінің толық атауы>, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталады, <қол қою үшін негіз болып табылатын құқық белгілеуші құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <тапсырыс беруші тарапынан қол қоюшының лауазымы мен ТАӘ> атынан, бір жағынан және <жеткізушінің толық атауы>, <лицензия, рұқсат құжаты> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізушінің резиденттілік белгісі> болып табылатын, бұдан әрі «Жеткізуші» деп аталады, <қол қою үшін негіз болып табылатын құқық белгілеуші құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізуші тарапынан қол қоюшының лауазымы мен ТАӘ> атынан, екінші жағынан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталады, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылдың 27 тамыздағы №192 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларының (бұдан әрі - Қағидалар) 17-тармағының 3) тармақшасына және 158-тармағының <сатып алу үшін негіз> тармақшасына және <хаттама бекітілген күн> тікелей шарт жасау тәсілімен <қызметтердің атауы> қызметтерін сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес мына төмендегілер туралы осы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасады.

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Тапсырыс беруші тікелей шарт жасау тәсілімен Жеткізушіден <ҚҚС сомасын қоспағанда> _____ теңге ____ тиын (_____ теңге __ тиын) мөлшеріндегі сомаға <қызметтердің атауы> қызметін сатып алуды жүзеге асыру шешімін қабылдады.

1.2. Жеткізуші Шартта көзделген мерзімде және талаптарда, Техникалық ерекше нұсқамаға сәйкес <қызметтердің атауы> қызмет көрсету (бұдан әрі - Қызметтер) бойынша міндеттемені өзіне қабылдайды, ал Тапсырыс беруші Қызметтерді Шарттың талаптарына сәйкес қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

1.3. Осы Шарттағы төменде аталған ұғымдардың мынадай түсініктемелері бар:

- 1) Шарт - Тапсырыс беруші мен Жеткізуші арасында Тапсырыс берушінің қызметін қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ функцияларын немесе жарғылық іс-әрекеттерін орындау үшін қызмет көрсету туралы Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жасалған азаматтық-құқықтық шарт;
- 2) Қызметтер - Тапсырыс берушінің қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталған, заттық мәні жоқ Шарттың 1.1-тармағында көрсетілген іс-әрекет;
- 3) Объект - Тапсырыс берушінің әкімшілік ғимараты, паркинг пен үй-жайларын, сондай-ақ аумақта орналасқан мүлік, тауарлық-материалдық құндылықтар (автомобильдер, арнайы

техника, техникалық құрал-жабдықтар және т.б.) қоса алғанда, күзетілетін аумақ (автокөліктің кіру/шығу жолы).

1.4. Қызметтерді Жеткізуші өз материалдарын және жабдықтарын пайдаланумен, өз күштерімен және құралдарымен көрсетеді.

1.5. Көрсетілетін Қызметтердің техникалық ерекше сипаттамасы Шарттың 2-қосымшасында (бұдан әрі – 2-қосымша) көрсетілген.

1.6. Күзет орындарының саны және тарифтер Шарттың 3-қосымшасында (бұдан әрі – 3-қосымша) көрсетілген.

2. ШАРТТЫҢ ЖАЛПЫ СОМАСЫ ЖӘНЕ ТӨЛЕМ ТӘРТІБІ

2.1. Шарттың жалпы сомасы <ҚҚС қоса есептегенде> _____ теңге __ тиынды (____ теңге __ тиын) (егер Жеткізуші ҚҚС төлеушісі болса) (бұдан әрі – Шарттың Жалпы сомасы) құрайды, осы сомаға _____ теңге __ тиын (____ теңге _____ тиын) мөлшеріндегі Қызмет құны, <және _____ теңге __ тиын (_____ теңге __ тиын) мөлшеріндегі ҚҚС сомасы (егер Жеткізуші Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылса, Шарттың Жалпы сомасынан Шарттың 2.6, 2.7, 2.8 және 2.9-тармақтарының ережелерін ескере отырып, Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығы ұсталады)> кіреді. Шарттың Жалпы сомасына сақтандыруды, салықтарды, баждарды және басқа да төлемдерді төлеуді қоса алғанда, Жеткізушінің Қызметтерді көрсетуге байланысты барлық шығындары кіреді.

2.2. Шарт бойынша төлемді Тапсырыс беруші келесі тәртіпте Жеткізушінің банктік шотына ақша аудару арқылы жүргізеді:

Жеткізушіден белгіленген тәртіпте рәсімделген электронды шот-фактураларды және Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған көрсетілген Қызмет актіні (бұдан әрі – Акт) алған күннен бастап 10 (он) операциялық күн ішінде Қызметті тиісінше көрсету фактісі бойынша ай сайын;

төлем Жеткізуші тиісті түрде рәсімделген электронды шот-фактураларды, Актіні және талдама мен Орындалған жұмыс актісін берген кезде жүргізіледі;

электронды шот-фактуралар және Акт тиісті түрде рәсімделмей берілген кезде, оның ішінде дұрыс емес деректемелер көрсетілсе, Тапсырыс беруші оларды төлеместен қайтарып береді және Тапсырыс берушінің төлем бойынша өз міндеттемелерін орындау мерзімі жаңа электронды шот-фактураларды және Актіні берген сәттен бастап есептеледі. Бұл жағдайда Жеткізуші Тапсырыс берушіге уақтылы ақы төлемегені үшін қандай да бір айыппұл санкцияларын салуға құқығы жоқ.

2.3. Барлық салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленеді. Қазақстан Республикасының салықтарға, баждарға және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген бюджетке төленетін басқа да осы сияқты төлемдерге қатысты заңнамасы өзгертілген жағдайда, Тараптар қосымша келісімге қол қою арқылы Шартқа тиісті өзгертулер енгізуге міндеттенеді.

2.4. Тапсырыс беруші Жеткізушіге төлемдерді Шарт бойынша төлем жүргізілген күні Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша _____ (валюта түрі) жүргізеді (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.5. Тапсырыс берушінің Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе оны тиісті түрде орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасына Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзіне табыс салығы салынуы тиіс (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.6. Егер Жеткізуші кірістің түпкілікті алушысы және халықаралық шарт жасалған елдің резиденті болса, Тапсырыс беруші Шарттың Жалпы сомасын төлеген кезде тиісті халықаралық шартында көзделген салық салудан босатуды немесе төмендетілген салық мөлшерлемесін өз бетінше қолдануға құқылы (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.7. Халықаралық шарттың ережелерін қолдану тәртібі Жеткізушінің Қазақстан Республикасындағы қаражат көздерінен алынатын табыстарына қатысты қолданылады (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.8. Халықаралық шартты салық салудан босату немесе төмендетілген салық мөлшерлемесін пайдалану бөлігінде қолдануға Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарт бойынша соманы төлеу күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы салық заңнамасының талаптарына сәйкес келетін резиденттігін растайтын құжатты және бейрезидент заңды тұлғаның құрылтайшыларын (қатысушыларын) және мажоритарлық акционерлерін көрсете отырып, құрылтай құжаттарының нотариат куәландырған көшірмелерін не сауда тізілімінен (бейрезидент тіркелген мемлекеттің заңнамасында көзделген акционерлердің тізілімінен немесе өзге де ұқсас құжаттан) үзінді көшірмені табыс еткен жағдайда ғана рұқсат етіледі (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.9. Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құрылған жағдайда, Жеткізуші бейрезиденттің Қазақстан Республикасының салық органында салық төлеуші ретінде тіркелгенін растайтын құжатты ұсынған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығын ұстамастан табыс сомасын төлейді (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.10. Факсимильдік байланыс арқылы және/немесе өзге тәсілмен алынған құжаттардың заңды күші бар және оларды кейіннен келесі <цифрмен> <(жазбаша)> <күнтізбелік/жұмыс (керегін таңдап алу)> күн (Тапсырыс берушінің қаласынан тыс жердегі жеткізушілер үшін) ішінде түпнұсқаға ауыстыра отырып Тапсырыс беруші қабылдайды.

2.11. Шартқа 3-қосымшада көзделген күзет орындарының саны өзгерген жағдайда, Шарт бойынша Қызметке ақы төлеу қос Тарап қол қойған ай сайынғы Актілер негізінде жүзеге асырылады.

2.12. Күзет орнының белгіленген күзет санымен жасақталмаған не күзетшінің кезекшілік уақытын ұлғайту немесе күзетшінің жұмыс орнында уақытша болмауы есебінен жасақталған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге осы ауысым үшін ақы төлемейді.

2.13. Шарттың жалпы сомасы Шартқа 3-қосымшада көрсетілген тарифтерге сәйкес, нақты көрсетілген Қызметтердің көлеміне байланысты азайтылуы мүмкін.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

3.1. Тапсырыс беруші:

- 1) Жеткізушінің Шарт талаптарына сәйкес көрсеткен Қызметтерін Акті негізінде қабылдауға;
- 2) Жеткізушінің жазбаша сұратуы негізінде Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауы үшін оған қажетті құжаттарды (ақпаратты) және материалдарды ұсынуға;
- 3) төлемді Шарттың талаптарына сәйкес жүргізуге;
- 4) Тапсырыс беруші мен Жеткізушінің уәкілетті өкілдері соңғы Актіге қол қойған күннен бастап

және (немесе) Жеткізушінің Тапсырыс берушіге тұрақсыздық (айыппұл, өсімпұлды) төлеген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді Жеткізушіге қайтаруға;

5) Объектіні күзетуге беруге;

6) Жеткізушіге Объектіде күрделі немесе ағымдық жөндеу, құрылыс өткізу туралы, сондай-ақ жүргізілетін іс-шаралардың салдарынан көрсетілетін Қызметтердің сипаты өзгеретін болса тиісті жұмыс басталғанға дейін күнтізбелік 5 (бес) күн бұрын хабарлауға;

7) Объектіні немесе жеке үй-жайларды (жеке үй-жайларды) күзетуден бас тартқан жағдайда, Жеткізушіні бұл туралы болжанған күнге дейін күнтізбелік 3 (үш) күннен кешіктірмей, мерзімінде жазбаша хабарландыруға міндеттенеді.

3.2. Тапсырыс беруші:

1) Жеткізушіден Шарттың талаптарына сәйкес Қызметтердің толық көлемде және мерзімде тиісті түрде көрсетілуін талап етуге;

2) Қызметтер көрсету барысын және оның сапасын бақылайтын уәкілетті жауапты адамдарды тағайындауға;

3) Қызметтер көрсету, көрсетілген Қызметтерді қабылдау-өткізу барысында кемшіліктер, ескертулер, сәйкес келмеулер, олқылықтар, қателер <толықтыру> _____ (бұдан әрі - ақаулар) анықталған жағдайда, анықталған ақаулар туралы жазбаша ескерту жіберу арқылы Жеткізушіден оларды Шартта белгіленген мерзімде жоюды талап етуге немесе Жеткізушіге дәлелді жазбаша бас тартуды жолдай отырып, толық немесе ішінара төлеуден бас тартуға және Актіге қол қоймауға;

4) Шартты кез келген кезеңде Шартта көзделген жағдайларда және тәртіпте біржақты тәртіппен бұзуға;

5) Шарттың 3.3-тармағының 8) тармақшасына сәйкес Жеткізушіден хабарлама алғаннан кейін жағдайды өз ұйғарымы бойынша бағалауға, Жеткізушінің кінәсінен туындамаған объективті себептер болған жағдайда Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін ұзартуға;

6) Шарттың осы тармағының 5) тармақшасында көзделген жағдайда, Жеткізушіден растау құжаттарын талап етуге;

7) егер Шарт Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы немесе оны тиісті түрде орындамауы не болмаса тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) Шартта көзделген мерзімдегі және тәртіптегі негіздер бойынша төлемеу салдарынан бұзылған болса, Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтармауға құқылы.

3.3. Жеткізуші:

1) Қызметтерді Шартта және Техникалық ерекше нұсқамада көзделген мерзімде және талаптармен толық көлемде көрсетуге;

2) Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша Қызмет көрсетудің барысы туралы ақпарат ұсынуға;

3) Қызметтерді білікті мамандардың көрсетуін қамтамасыз етуге;

4) Тапсырыс беруші Қызмет көрсету, көрсетілген Қызметтерді қабылдау-өткізу барысында,

ақауларды анықтаған жағдайда, оларды Тапсырыс берушіден анықталған ақаулар туралы хабарлама алған күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде өз есебінен жоюға;

5) Жеткізуші ақауларды Шартта белгіленген мерзімде жоя алмаған/оны жоюдан бас тартқан жағдайда, Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;

6) Шарттың қолданылу мерзіміне қарамастан Тапсырыс берушіден алынған конфиденциалды ақпаратты жарияламауға және оны құпия түрінде сақтауға;

7) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына немесе оны тиісті түрде орындамауына байланысты Шарт бұзылған жағдайда, Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;

8) егер Шартты орындау кезеңінде Жеткізуші кез келген сәтте Шартты уақытында орындауға кедергі келтіретін жағдайдарға тап болса, Жеткізуші Тапсырыс берушіге кешіктіру фактісі, оның болжанатын ұзақтығы мен себебі (себептері) туралы дереу жазбаша хабарлама жіберуге тиіс;

9) Шарт бойынша өз міндеттемелерін толығымен және де ішінара басқа біреуге бермеуге;

10) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағанда немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;

11) Тараптар Шартқа қол қойған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Шарттың Жалпы сомасының 3% (үш пайызы) мөлшерінде Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуге;

12) Объектілерді күзетке қабылдауға, Шарт бойынша Қызметтерді толық көлемді тиісті (жоғары) сапада, Шартта көзделген мерзімде және талаптарда көрсетуге және Тапсырыс берушіге Акт негізінде көрсетілген Қызметтерді тапсыруға;

13) Объектілерді сенімді (сапалы) күзетуді ұйымдастыруға және қамтамасыз етуге;

14) Объектілерде қылмыстың және басқа да заң бұзушылықтардың уақтылы (шұғыл) және сапалы алдын алуға және болдырмауға;

15) Объектілерде белгіленген кіру рұқсаты тәртібін жүзеге асыруға;

16) Объектілерде тұтастығы мен амандығы үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес толық жауапкершілікте болуға;

17) Тапсырыс берушіге Объектілер тұтастығын бұзу фактілері және тәртіп бұзушылыққа қолданған шаралар мен тәртіп бұзушылықтарды болдырмау іс-шаралары туралы кешіктірмей хабарлауға;

18) Шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамағаны салдарынан Тапсырыс берушіге келтірген шығындарының толық көлемде орнын толтыруға;

19) Объектілерде белгіленген кезекшілік кезінде жыл маусымына және ауа райы жағдайларына сәйкес барлық күзет орындарында Жеткізуші қызметкерлерін бірыңғай және ұқыпты киімдерде болуын бақылауды қамтамасыз етуге;

20) көрсетілетін Қызметтердің азаюына қарай тарифтер өзгерген жағдайда, Тапсырыс берушіні олар қолданысқа енгізілгенге дейін күнтізбелік 20 (жиырма) күн бұрын Тапсырыс берушіні жазбаша хабарландыруға;

21) Шарт бойынша Қызмет көрсету кезінде Тараптардың уәкілетті тұлғалары Актіге қол қойған сәтке дейін Тапсырыс беруші мүлкінің оқыстан бүлінуі немесе оқыстан зақымдалуы тәуекелін көтеруге;

22) Тапсырыс беруші пайдалануға берген техникалық құралдарды тиісті (таза және жұмысқа жарамды) жай-күйде ұстауға;

23) Шартты мерзімінен бұрын бұзған уақытта немесе Шарттың қолданылу мерзімі аяқталған жағдайда, техникалық құралдарды Тапсырыс берушіге техникалық жай-күйі көрсетілген, қос

Тараптың уәкілетті тұлғалары қол қойған Актісі негізінде қайтарып беруге;

24) Тапсырыс берушіге зиян (шығын) келтірген жағдайда, бұл туралы Тапсырыс берушіні дереу хабарландыруға. Зиян құнына ұрланған, құртылған мүліктер немесе бүлінген мүліктер, сондай-ақ оны қалпына келтіруге байланысты шығыстар жатады. Жеткізушіден жоғалған мүлікті қайтарып алған немесе тауып алған жағдайда, тиісті уәкілетті органдарға хабарлап, Тараптардың уәкілетті тұлғалары тиісті мүліктерді қабылдау-өткізу актісін жасайды.

25) көрсетілетін Қызметтердің барысын тексеру мен бақылауды жүзеге асыратын Тапсырыс берушінің уәкілетті тұлғасына мыналарды ұсыну:

Жеткізушінің қызметкерлері үстінен бақылауды жүзеге асыратын Жеткізуші өкілдері Объектіні тексеру кестелерін (жоспардан тыс, күндізгі, түнгі) (аты-жөні мен қызметтерін көрсете отырып);

- Тапсырыс берушінің аумағында Жеткізушінің қызметкерлері Объектіні қарап шығу кестелерін (уақытыгн көрсете отырып);

- Шарттың 2- қосымшасының 3.11. тармағына сәйкес күзетшілердің бекітілген кестесі;

26) Шартқа қос тарап қол қойған күннен бастап жұмыс 5 (бес) күн ішінде күзету қызметін жүзеге асыруға нотариат куәландырған лицензияның көшірмесін ұсынуға;

27) Қызмет көрсету кезінде қажетті қауіпсіздік техникасы мен өрт қауіпсіздігі бойынша іс-шараларды орындауды қамтамасыз етуге;

28) өз меншікті қаражаты есебінен Объектіде қауіп дабылдамасы баспа түймесін орнатуға;

29) қауіп дабылдамасы баспа түймесі іске қосылғанда, Жеткізушінің шұғыл әрекет ететін тобының (ШӨТ) Объектіге дереу (10-15 минутта) жетуін қамтамасыз етуге;

30) Заңға қайшы әрекеттерді және апатты және төтенше жағдайлар туындауын болдырмау мақсатында, әр сағат/екі сағат сайын (Тапсырыс берушімен келісе отырып) күзетілетін аумақты қарап тексеруді жүзеге асыруға;

31) аймақтағы санитарлы-эпидемиологиялық ахуалға (масканың болуы және т.б.) сәйкес, уәкілетті орган талаптарын Жеткізуші қызметкерлерінің орындауын қамтамасыз етуге;

32) Қызмет көрсету кезінде Жеткізушінің қызметкерінің (күзетшінің) ішімдік, есірткі және басқа да уытты заттармен мас болу жағдайында жұмыста болуына жол бермеуге;

33) біліктілік құжаттарының қолданылу мерзімі өткен жағдайда (техникалық ерекше сипаттамаға сәйкес) не алдын ала өз қаражаты есебінен оларды жаңартуға және оларды жаңартқан күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге беруге;

34) Шартқа 2-қосымшаның 2.3-тармағына сәйкес, білікті қызметкерлермен (күзетшілермен) Қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге міндеттенеді.

3.4. Жеткізуші:

1) Қызметтерді көрсеткен кезде бірлесіп орындаушыларды тартуға құқылы. Бұл ретте Жеткізушінің бірлесіп орындаушыларға жалпы Қызмет көлемінің үштен екі бөлігінен асатын Қызмет көлемін беруге рұқсат етілмейді;

2) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша Қызмет көрсету үшін қажет ақпаратты жазбаша түрде сұратуға;

3) Шарттың талаптарына сәйкес көрсетілген Қызметтер үшін төлем алуға **құқылы**.

4) *Объектілерді күзетуді тиімді жүзеге асыруды қамтамасыз ету және жетілдіру, жақсарту бойынша Тапсырыс берушіге ұсыныстар беруге;*

5) *Қызмет көрсету кезінде Тапсырыс берушінің алдын ала келісімімен күзет қызметін жүзеге асыруға құқығы бар бірлесіп орындаушыларды іске тартуға құқылы.*

3.5. Тараптар Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын сақтауға міндеттенеді.

4. ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ОРНЫ

4.1. Қызметтер көрсету мерзімі - 2026 жылғы 1 қантар - 2026 жылғы 31 наурыз аралығында.

4.2. Қызметтер көрсету орны: - Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 64.

5. КӨРСЕТІЛГЕН ҚЫЗМЕТТЕРДІ ҚАБЫЛДАУ-ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

5.1. Жеткізуші Шартта көзделген Қызметті көрсеткеннен кейін есептік айдан кейінгі айдың 5 (бесі) күніне дейін ай сайын Актіні қол қою үшін жібереді.

5.2. Тапсырыс берушіде Жеткізушімен көрсетілген Қызметтер бойынша ескертулер мен келіспеушіліктер болмаған жағдайда, қос Тарап Актіге қол қояды.

5.3. Тапсырыс берушінің көрсетілген Қызметтер бойынша ескертулері немесе келіспеушіліктері болған жағдайда, көрсетілген Қызметтерді қабылдаудан жазбаша түрде дәлелдемелі бас тарту жібереді, ал Жеткізуші Тапсырыс берушінің бұл туралы хабарлаған күнінен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде көрсетілген ақауларды жоюға міндетті. Бар келіспеушіліктер жойылғаннан кейін Тараптар Актіге қол қояды.

6. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

6.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда, Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

6.2. Төтенше жағдайларды қоспағанда, Жеткізуші Шартта көзделген міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші өзінің басқа құқықтарына нұқсан келтірместен Шарт аясында Жеткізушіден тұрақсыздық айыбын өндіріп алады, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіге мынаны:

1) Шарттың 4.1-тармағында көзделген мерзімді бұзған жағдайда, Актіге қол қою күнін қоса алғанда, әрбір мерзімі өткен күнтізбелік күн үшін Шарт бойынша орындалмаған және/немесе тиісінше орындалмаған міндеттемелер сомасының (Шарттың жалпы сомасы 100 АЕК-ке дейін болғанда - кемінде 1%, Шарттың жалпы сомасы 100 АЕК-тан жоғары болса - кемінде 0,5%) мөлшерінде, бірақ Шарттың Жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын мөлшерде өсімпұл;

2) Көрсетілген Қызметтердегі ақауларды жою мерзімін бұзған жағдайда, ақауларды жою күнін қоса алғанда, әрбір кешіктірілген күнтізбелік күн үшін Шарттың жалпы сомасының 0,1 %-ы (нөл бүтін оннан бір пайызы) мөлшерінде өсімпұл, бірақ Шарттың Жалпы сомасының 10% (он пайызынан) артпайтын мөлшерде;

3) көрсетілген Қызметтердегі ақауларды жоюдан бас тартқан/мүмкін болмаған жағдайда - Шарттың Жалпы сомасының 10% (он пайызы) мөлшерінде айыппұл;

4) Шарттың 3.3-тармағы 3), 32), 34)- тармақшаларында көзделген талаптарды бұзған жағдайда - Шарттың жалпы сомасының 10 %-ы (он пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді;

6.3. Тараптар Шарттың 7-бөлімін бұзған жағдайда, конфиденциалды ақпаратты жария еткен Тарап екінші Тарапқа Шарттың Жалпы сомасының 10% (он пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді. Мұндайда Тапсырыс беруші Жеткізушіден Тапсырыс берушіден алған конфиденциалды ақпараттарды жариялағаны салдарынан келтірілген шығынды өтеуді талап етуге құқылы.

6.4. Шарт бойынша ақы төлеу мерзімі бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге кешіктірген әр жұмыс күні үшін төлеуге тиіс сомадан 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде, бірақ Шарттың Жалпы сомасынан 5% (бес пайыз) аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

6.5. Жеткізуші Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші төлем жасаған кезде Жеткізушінің келісімінсіз тұрақсыздық айыбы (өсімпұл, айыппұл) сомасын дербес түрде ұстап қалуға құқылы.

6.6. Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасын төлеу Тараптарды Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

6.7. Жеткізушінің Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу мерзімі Тапсырыс берушіден тиісті хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.

6.8. Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді толық көлемде бермеген жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге енгізілмеген Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасының 1%-ы (бір пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді.

6.9. Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізбегенде немесе оны уақытында енгізбеген жағдайда Тапсырыс беруші Жеткізушіге тендерге қатысу үшін берілген өтінімді қамтамасыз ету сомасын қайтармайды (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу туралы талабы болғанда).

6.10. Жеткізуші кінәсі болмай (Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны), Тапсырыс беруші Шартты бұзуға бастамашы болса, Жеткізуші Шартты бұзу күнінде Шарт бойынша нақты көрсетілген және қабылдап алған Қызметтерге ғана ақы төлеуді талап етуге құқылы.

7. КОНФИДЕНЦИАЛДЫЛЫҚ

7.1. Тараптар тұтастай алғанда Шарт талаптарын және ұсынатын Тарап конфиденциалды ретінде (оның ішінде Тапсырыс беруші немесе оның атынан басқа тұлғалар ұсынған ақпарат) белгілеген барлық ақпаратты басқа Тарап аталған ақпаратты ұсынған Тараптың жазбаша рұқсатынсыз ешқандай үшінші тарапқа жария етпейтінін мойындайды, оған мына:

1) Жеткізуші Шартты орындау үшін тартқан қызметкерлерге ұсыну. Көрсетілген ақпарат осы қызметкерлерге конфиденциалды және бұл шарттық міндеттемелерді орындау үшін қажет көлемде ғана берілуге тиіс;

2) егер мұндай жария ету заңнамада ұйғарылатын немесе оған уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми сұратуы негізінде жүзеге асырылатын жағдайлар қосылмайды.

7.2. Жеткізуші Шартты іске асыру мақсаттарынан басқа, жоғарыда аталған қандайда бір құжаттарды немесе ақпаратты Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз пайдаланбайды.

7.3. Конфиденциалды ақпарат жария етілген жағдайда, Тараптар Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

8. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ (ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ)

8.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе оны тиісті түрде орындамағаны үшін, егер ол Тараптар күні бұрын болжай алмаған және Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына тікелей әсер еткен дүлей күштің: су тасқыны, жер

сілкінісі және басқа табиғат апаттар, экологиялық апаттар, әскери іс-әрекеттер, террорлық актілер, азамат соғысы, халық толқулары, шектеу шаралары жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер басталуы, Тараптар болжай алмайтын және Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына тікелей әсер ететін Қазақстан Республикасының құқықтық актілерінің қабылдануы салдарынан болса, онда Тараптар жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күштің әсеріне ұшыраған Тараптың міндеттемелерді орындау мерзімі осындай жағдайлардың болуы кезеңіне ұзартылады.

8.2. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға мүмкіндігі жоқ Тарап, басқа Тарапқа Шарттың 8.1-тармағында көрсетілген жағдайлардың себептерін көрсете отырып, олардың басталғаны және тоқтағаны туралы жазбаша түрде дереу хабарлайды, сондай-ақ ол тиісті уәкілетті органның растайтын құжатын ұсынады. Жалпыға мәлім фактілер, дәлелді талап етпейді. Бұл ретте Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы, осыдан кейін бірде-бір Тарап басқа Тараптан қандай да бір шығынды өтеуді талап етуге құқығы жоқ.

8.3. Егер Тапсырыс берушіден өзге жазбаша нұсқаулар келіп түспесе, Жеткізуші Шарт бойынша міндеттемелерін орындауды ол қаншалықты орынды екеніне қарай жалғастырады және Шартты орындаудың көрсетілген міндеттемелерге қатысты емес балама тәсілдерін іздестіреді.

9. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

9.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау барысында келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды соттан тыс тәртіпте реттеу үшін барлық қажетті шаралар қабылдауға тиіс.

9.2. Тараптар келісімге келмеген жағдайда, даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібінде қаралады.

9.3. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі және даулар туындаған жағдайда, олар Тапсырыс берушінің орналасқан орны бойынша Қазақстан Республикасының соттарында қаралады.

10. ШАРТҚА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ

ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУ ТАЛАПТАРЫ

10.1. Орналасқан орны және/немесе деректемелері өзгерген жағдайда, Тарап басқа Тарапқа тиісті шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша түрде хабарлайды.

10.2. Шарттың 10.1-тармағында көрсетілген өзгерістерді қоспағанда, Шартқа барлық өзгерістер қосымша келісіммен ресімделіп, оған Тараптар қол қояды.

10.3. Тапсырыс беруші мына:

- 1) Тапсырыс беруші Қағидалардың 14-тармағына сәйкес сатып алудан бас тартқан;
- 2) Жеткізуші ұсынған мәліметтерден дәйексіз ақпарат анықталған;
- 3) егер Жеткізуші банкрот немесе төлемге қабілетсіз болған, сондай-ақ тиісті сот процесіне тартылған жағдайда. Мұндай жағдайда бұзу дереу жүзеге асырылады және Тапсырыс беруші Жеткізушіге қатысты ешқандай қаржылық жауапкершілік атқармайды;
- 4) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда. Бұл ретте Жеткізуші Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады;

5) Шартты одан әрі орындау мақсатқа лайықты болмаған жағдайда, Шартты кезкелген кезеңде біржақты тәртіпте бұзуға құқылы.

10.4. Шарт біржақты тәртіпте бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге Шартты болжанатын бұзу күніне дейін күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын Шарттың бұзылуы туралы жазбаша хабарлама жібереді, осы мерзім өткеннен кейін Шарт бұзылды деп саналады. Хабарламада Шартты бұзу себебі, жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзу күні көрсетілуге тиіс.

11. ШАРТТЫҢ КҮШІНЕ ЕНУ ТАЛАБЫ

11.1. Шарт екі жақты Тарап қол қойған күннен бастап күшіне енеді, 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап туындайтын Тараптардың құқықтық қатынастарына таратылады және 2026 жылғы 31 наурызға дейін, ал Тараптардың залалдарды (зияндарды) төлеу және өтеу жөніндегі міндеттемелерді орындауы бөлігінде – Шарт бойынша міндеттемелерді толық орындағанға дейін қолданылады.

12. ШАРТ ТІЛІ

12.1. Шарт заңды күші бірдей мемлекеттік және орыс тілдерінде электрондық нысанда жасалды.

13. ӨЗГЕ ТАЛАПТАР

13.1. Шартқа қосымша (қосымшалар) Шарттың ажырамас бөлігі (бөліктері) болып табылады.

13.2. Тараптардың біреуі қайта ұйымдастырылған жағдайда, Шарт бойынша құқықтары мен міндеттері тоқтатылмайды және Тараптардың құқықтық мирасқорларына өтеді.

14. ТАРАПТАРДЫҢ ОРНАЛАСҚАН ОРНЫ ЖӘНЕ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

Тапсырыс беруші:

Жеткізуші:

<Тапсырыс берушінің толық атауы>

<Тапсырыс беруші орналасқан орынның заңды мекен-жайы>

<Тапсырыс беруші орналасқан орынның нақты мекен-жайы>

<Тапсырыс берушінің ЖСК>

<банк атауы>

<Тапсырыс берушінің БСН>

<Тапсырыс берушінің БСК>

<Тапсырыс берушінің БЕК>

Тапсырыс беруші атынан

_____ <қол қоюшының аты-жөні>

М.О. (қолы)

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК - банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК - жеке сәйкестендіру коды;

ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН - төлеушінің есептік нөмірі;

ҚҚС - қосылған құн салығы;

Т.А.Ә. - аты-жөні.

<Жеткізушінің толық атауы>

<Жеткізуші орналасқан орынның заңды мекен-жайы>

<Жеткізуші орналасқан орынның нақты мекен-жайы>

<Жеткізушінің ЖСК>

<банк атауы>

<Жеткізушінің БСН>

<Жеткізушінің БСК>

<Жеткізушінің БЕК>

Жеткізуші атынан

_____ <қол қоюшының аты-жөні>

М.О. (қолы)

ДОГОВОР

<идентификационный номер>

о закупках услуг

<наименование услуг>

<регион заказчика>

<дата договора>

<полное наименование заказчика>, именуемое (-ый, -ая) в дальнейшем «Заказчик», в лице <должность и ФИО подписанта заказчика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с одной стороны, и <полное наименование поставщика>, являющееся (-ийся) <признак резидентства поставщика>, действующее (-ий) на основании <лицензия, разрешительный документ>, именуемое (-ый) в дальнейшем «Поставщик», в лице <должность и ФИО подписанта поставщика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», в соответствии с подпунктом 3) пункта 17 и подпунктом <основание для осуществления закупки> пункта 158 Правил приобретения товаров, работ и услуг Национальным Банком Республики Казахстан, его ведомствами, организациями, входящими в его структуру, и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия в уставном капитале) которых принадлежат Национальному Банку Республики Казахстан или находятся в его доверительном управлении, уполномоченным органом по регулированию, контролю и надзору финансового рынка и финансовых организаций, утвержденных постановлением Правления Национального Банка Республики Казахстан от 27 августа 2018 года №192 (далее - Правила), и протоколом об итогах закупок услуг <наименование услуг> способом прямого заключения договора <дата утверждения протокола>, заключили настоящий договор (далее - Договор) о нижеследующем.

1. ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА

1.1. Заказчик принял решение осуществить закупку услуг <наименование услуг> у Поставщика способом прямого заключения договора на сумму _____ тенге ____ тиын (_____ тенге ____ тиын), <без учета суммы НДС>.

